

# Отан отбасынан басталады

«Отбасы мәні – сыйластық» деп ұрандатқан Қайдаровтар отбасы



Аудан тұрғындары Достияр мен Сымбат Қайдаровтар «Мерейлі отбасы» байқауының аудандық кезенінің екінші қатысушылары.

Отбасы дегеніміз - ол адамның жылылық пен мейірімге толы киелі бесігі, қасиетті шаңырағы. Біздің Меңдіқара жерінде ғасырлар бойы ұрпақ сабақтастығы жарасымды жалғасын тауып келеді. Ел ішінде құрметке бөленген, ардақты, өнегелі отбасылар баршылық. Сондықтан да жыл сайын «Мерейлі отбасы» байқауының мәні артууда.

Шараның мақсаты – отбасы институты, адамгершілік, руханиятты нығайту, жауапты ерлі – зайыптылықтың маңызын тану, ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыра отырып, отбасы құндылықтарын насихаттау.

Осы орайда бүгін біз



Жас отбасы үшін ең бастысы - жанұяның берекесі

Қайдаровтар отбасы жайлы сыр шертпекпіз. Достияр мен жұбайы Сымбат 2017 жылы шаңырақ құрып, бүгінгі таңда бір ұл, екі қыз баланы тәрбиелеп отырған жас отбасы.

- Мен Амангелді ауданында дүниеге келіп, сол өңірде өсіп өнгем. Ауылдағы 11 жылдық мектепті аяқтаған соң, Арқалық қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық институтына музыкалық білім мамандығына оқуға түсіп, жақсы нәтижемен

аяқтадым. Кейіннен осы киелі Меңдіқара жеріне жұмыс барысымен қоныс аударған болатынмын. Жұбайым екеуіміз әлеуметтік желі арқылы танысып, әңгімеміз жарасып, таныстығымыз үлкен махаббатқа ұласты. Қазір, бір ұл, екі кішкентай тәтті қыздарымыз бар. Біздің отбасының басты құндылығы бір-бірімізге деген сыйластық пен татулық, - дейді Достияр Қайдаров. Достияр Медеубайұлы бүгінгі таңда аудан

орталығындағы «Юбилейный» Мәдениет үйінің басшысының міндетін атқарушы болып жұмыс жасайды. Ауданымыздағы мәдениет саласының дамуына өз үлесін қосып жүрген жандардың бірі. Халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде өз өнерген елге паш етіп жүрген аудан мақтаншысы.

Жұбайы Сымбат көршілес жатқан Ресей Федерациясының Қорған облысында дүниеге кел-

ген. Мамандығы, мұғалім. Қазіргі таңда, бала күтіміне байланысты декреттік демалыста отырған аяулы ана.

- Жолдасым екеуіміз шаңырақ көтерген жылдары арамызда біраз түсініспеушіліктер мен қиындықтардың болғаны рас. Сондай уақыттарда бір-біріміздің жанымыздан табылып, қолдау көрсеткеніміздің арқасында бүгінгі таңда айрандай ұйып отырған берекелі отбасыға айналдық. Жаңадан қосылған екі жастың басынан көптеген сынақтар өтері анық, дәл сондай уақыттарда біріне-бірі деген сыйластықтарын сақтап, сабырлық танытқандары абзал. Біздің тұңғышымыз дүниеге келген соң, өмірімізді түбегейлі өзгертті. Арамыздағы барлық елпе-реніш, ашу-ыза дегендердің барлығын артқа тастап, балаларымыз үшін деп бар күш-жігерімізді жинап, солар үшін өмір сүрудеміз, - дейді шаңырақтың отанасы Сымбат Талғатқызы.

Берекелі отбасының басты құпиясы екі жастың бір-біріне деген сыйластығы деген қағиданы ұстанатын Достияр мен Сымбаттың Нұрасыл, Сафия, Айша атты кішкентай балалары өсіп келеді. Әкесі мен анасына қарап бой түзейтін бааларымды бес жасқа дейін патшамдай күтемін деп отағасы ағынан жарылды.

- Балаларым кішкентай болғандықтан, әзірге

қатты мінез көрсетіп немесе қатаң талап қойып жатқаным жоқ. Барлығын 5-7 жастарына дейін емін-еркін, еркелетіп өсіргім келеді. Ата-әжелерімізбен, ата-анамыздан көріп өскен қазақи тәрбиемен тәрбиелеу басты мақсатымыз. Біздің отбасының керемет дәстүрі бар. Әр демалыс сайын отбасы күнін ұйымдастырып, бірге қыдырып, ойын ойнап уақыт өткіземіз. Кішкентайларға кешкілік түрлі ертегілер мен әңгімелер оқып береміз. Осы бір керемет дәстүрді балапандарымыздың бойына дарытып, бақытты балалық шақ сыйлағымыз келеді, - дейді шаңырақ иесі Достияр Қайдаров.

Сыйластық пен татулықты ту еткен Қайдаровтар отбасы жаңадан қосылаған жас отбасыларға үлкен үлгі болары анық. Кейіпкерлеріміздің отбасына амандық, дендеріне саулық тілей отыра, алдағы жоба барысына сәттілік тілейміз.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы «Отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу» жобасы шеңберінде «Меңдіқара ауданының ішкі саясат бөлімінің» ММ тапсырысы бойынша іске асырылады.

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА